

Ақсу қаласы және оның ауыл өңірі азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 03 мамырдағы N 275/3 қаулысы. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 03 маусымда N 12-2-174 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 21 тамыздағы N 551/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 21.08.2013 N 551/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-тармағына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына, Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 236/18 қаулысына, Ақсу қалалық мәслихатының (IV сайланған XXIV кезектен тыс сессиясы) 2010 жылғы 17 ақпандағы "Әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтар санатының тізбесі туралы" N 194/24 шешіміне сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Ақсу қаласы және ауыл өңірі азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Комиссия отырысы тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

2. Әлеуметтік төлемге құқылы азаматтардың санаттары:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және соларға теңестірілген тұлғалар;

2) Ауған соғысының мүгедектері мен қатысушылары;

3) Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарын жоюға қатысқандар мен мүгедектер;

4) жалғызбасты және жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер;

5) жас мамандар – Ақсу өңіріне жұмысқа орналасуға жіберілген, педагогикалық мамандықтағы оқу орындарының түлектері, сонымен қатар облыс әкімінің грантымен оқығандар, сондай-ақ Ақсу өңіріне жіберілген медициналық мамандық бойынша жоғары оқу орындарының түлектері;

6) жан басына шаққандағы орташа табысы бекітілген кедейлік шегінен аспайтын аз қамтамасыз етілген азаматтар;

7) бас бостандығынан айырылу орнынан келген тұлғалар;

8) ауылдық жерде тұратын білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары;

9) өртке қарсы қызметтің өрт туралы актісіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен берілген қорытындыға сәйкес өрт, зіл-зала апаты, жазатайым оқиға, төтенше жағдайлар, өрт салдарынан өмір сүруге қаражатсыз қалған тұлғалар;

10) 1, 2, 3 топ мүгедектері, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

11) "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталған немесе "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталғаны туралы мұрағаттың анықтамасы бар азаматтар;

12) 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалары бар мүгедек әйелдер;

13) "Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы" қоғамдық бірлестігінің Ақсу қалалық филиалы берген тізімге сәйкес Астана қаласына экскурсияға қатысу үшін өңірді дамытуға үлес қосқан соғыс және еңбек ардагерлері, Құрметті азаматтар, еңбегі сіңген тұлғалар;

14) медициналық академияның 7-курс студенттері (интерндер);

15) жалпы білім беру бағдарламасы бойынша 18 жасқа толмаған мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасылар;

16) "Батыр ана" белгісімен, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқасымен наградталған әйелдер;

17) дәрігерлік-кеңес комиссиясы берген анықтаманың негізінде 12 аптаға дейін есепте тұрған жүкті әйелдер;

18) 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде кем дегенде алты ай жұмыс істеген тыл еңбеккерлері;

19) балалар кеңесі мен педиатор учаскелері меңгерушілерінің қолымен расталған учаскелік дәрігердің рецепті бойынша балаларға арналған сүт қоспасын қосымша алуға мұқтаж аз қамтамасыз етілген отбасылар;

20) дәрігерлік-кеңес комиссиясы берген анықтама негізінде оғаш отбасыларынан бала табу кезеңі жасындағы әйелдер;

21) "Ақсу қаласының емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (келісім бойынша) ұсынылған тізімдерге сәйкес онкологиялық аурулармен ауыратын:

белсенді арнайы ем алатын;
көтеріліс жаңа түзілімдердің тереңдеп кеткен түрлерімен;
қан түзу және лимфа жүйесі ауруларымен (лейкемия, лимфопролифератты
аурулармен) ауыратын;

нәжіс, несеп және тыныс жолдарында ашық жаралары бар тұлғалар;

22) облыстың жоғары оқу орындарында оқуына ақы төлеу үшін аз
қамтамасыз етілген отбасылардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
жалпы білім беру мектептерінің түлектері;

23) "Ақсу қаласының туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) берген тізімге сәйкес туберкулездің белсенді түрімен
ауыратын тұлғалар және тубвиражды балалар;

24) қысқа мерзімді курстарда кәсіби даярлықтан, қайта даярлаудан және
кәсіби біліктілігін арттырудан өту үшін "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Бөлім)
тіркелген жұмыссыздар;

25) 18 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелейтін аз қамтамасыз етілген
қамқоршылар;

26) Ақсу қаласының ауыл аймағында тұратын әлеуметтік қорғалатын және аз
қамтамасыз етілген отбасылар;

27) жетім балалар;

28) аз қамтамасыз етілген толық емес отбасылар;

29) ең аз мөлшерде зейнетақы алатын, жасы бойынша зейнеткерлер;

30) дәрігерлік-кеңес комиссиясы берген анықтама негізінде гемодиализ
өткізуге мұқтаж тұлғалар;

31) адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап
шеккен тұлғалар.

3. Әлеуметтік көмек алу үшін осы қаулының 2-тармағында көрсетілген әрбір
санат бойынша "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Бөлім) мынадай
құжаттарды:

1) 1-тармақшада көрсетілген санат үшін - Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс
күніне (ағымдағы жылға алғандағы жағдай бойынша) біржолғы материалдық
көмек төлеу үшін, дәрі-дәрмек сатып алуға, коммуналдық төлемдердің шығынын
қайтаруға, пәтерді ағымдағы жөндеуге, телефон орнатуға, тісті протездеуге
біржолғы әлеуметтік көмекке ай сайын төлем жүргізу үшін – тегі, аты, әкесінің
аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу
жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының (бұдан әрі - РМҚК) Павлодар облыстық филиалының Ақсу
аудандық бөлімшесімен (келісім бойынша) ұсынылған, алатын мемлекеттік

арнайы жәрдемақының түрі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - АҚ) пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген тізімді, жеке куәлігінің, әлеуметтік жеке код тағайындау туралы куәліктің (бұдан әрі - ӘЖК) пен салық төлеушінің тіркеу нөмірін тағайындау туралы куәліктерінің (СТТН) көшірмелерін;

2) 1, 2 және 3-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін – жылына бір рет Алматы және Астана қалаларының госпитальдарына бару және тұрақты жеріне кері қайту үшін жолақы шығындарын төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесінде немесе екінші деңгейдегі банктерде жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабының, белгіленген орынға және кері тұрақты жеріне дейінгі автомобиль немесе теміржол көліктерінде пайдаланылған жол билеттерінің, жеке куәлігінің және мәртебесін растайтын куәліктің, ӘЖК, СТТН көшірмелерін;

3) 1, 2, және 3-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – ағымдағы жылғы жағдай бойынша "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" РМҚК Павлодар облыстық филиалының Ақсу аудандық бөлімшесімен (келісім бойынша) ұсынылған, тегі, аты, әкесінің аты, алатын мемлекеттік арнайы жәрдемақының түрі, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген тізімді;

4) 2 және 3-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін - сауықтыруға арналған тоқсан сайынғы материалдық көмекті, сондай-ақ Отан қорғаушылар күніне біржолғы материалдық көмекті төлеу үшін – тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" РМҚК Павлодар облыстық филиалының Ақсу аудандық бөлімшесімен (келісім бойынша) ұсынылған, алатын мемлекеттік арнайы жәрдемақының түрі, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген тізімді;

Ауған соғысының қатысушылары үшін қосымша - тіс протезін салуға біржолғы материалдық көмек;

5) 9-тармақшада көрсетілген санат үшін – біржолғы материалдық көмек төлеу үшін - "Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесінде немесе екінші деңгейдегі банктерде жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, жеке куәлігінің, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмелерін, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысының "Төтенше жағдайлар департаменті Ақсу қаласының Төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) берген актісін, барлық отбасы мүшелерінің табыстары туралы анықтаманы, СТТН;

6) 4-тармақшада көрсетілген санат үшін – қатты отын сатып алуға біржолғы

материалдық көмек төлеу үшін - "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесінде немесе екінші деңгейдегі банктерде жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, жеке куәлігінің, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі мен СТТН, ӘЖК көшірмелерін ;

7) 24-тармақшада көрсетілген санат үшін – кәсіби оқудан өту кезінде материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, жеке куәлігі мен оқу кезеңін растайтын құжаттың, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

8) 6, 7, 24-тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін – құжаттандыруға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті;

9) 22-тармақшада көрсетілген санат үшін – студенттерге жоғары оқу орындарындағы оқуларына төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген студенттің өтінішін, жеке куәлігінің және азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, СТТН, білім беру қызметін көрсетуге Ақсу қаласы әкімінің, жоғары оқу орны басшысы мен студенттің қолы қойылған үш жақты келісім-шартты. Тұрудың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын зерттеу актілері және қосылған табыс туралы мәлімет (оқуға төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау кезінде бір р е т б е р і л е д і) ;

10) 14-тармақшада көрсетілген санат үшін - жоғары медициналық оқу орындарындағы жетінші курстың студенттеріне (интерндерге) оқуларына төлеуге әлеуметтік көмек төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, Ақсу қаласы әкімінің, "Ақсу орталық ауруханасы" және "Ақсу қаласының емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының бас дәрігерлерімен келісім бойынша және студенттің (интерннің) қолы қойылған үш жақты келісім-шартты, жеке куәлігінің және СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

11) 5-тармақшада көрсетілген санат үшін (медициналық жоғары оқу орындары мен педагогикалық оқу орындары мамандықтарының, сонымен қатар Павлодар облысы әкімінің гранты бойынша оқитын түлектер) – біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, жеке куәлігінің, жоғары оқу орнын және арнаулы орта оқу орнын аяқтағаны туралы дипломның, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың, түлекті Ақсу өңіріне жіберу туралы бұйрықтың, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

12) 23-тармақшада көрсетілген санат үшін – міндетті медициналық тексеруден өтуге байланысты ауылдық жерде тұратын амбулаториялық емделуде

тұрғандарға жолақыға шығындарды өтеу үшін материалдық көмек; амбулаториялық емделуде бар науқастарға тамақтануға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін "Ақсу туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) ұсынылған науқасын растайтын анықтама бойынша – тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, жеке куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

13) 21 және 31-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін – біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген науқастың өтінішін, ауруды растайтын анықтаманы, азаматтарды тіркеу кітабы және жеке куәлігі, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

14) 10-тармақшада көрсетілген санат үшін – біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – ата-аналарының (қамқоршысының) біреуінен "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген материалдық көмек тағайындау туралы өтінішті, баланың мүгедектігін растайтын құжатты, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, баланың туу туралы куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

15) 12-тармақшада көрсетілген санат үшін – біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, мүгедектігі туралы анықтаманың, балалардың туу туралы куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

16) 17-тармақшада көрсетілген санат үшін - әйелдер консультациясы мен учаскелік гинеколог-дәрігерімен куәландырылған, құрамында дәрігерлік-кеңес комиссиясының төрағасы бар дәрігерлік-кеңес комиссиясы берген анықтама негізінде жүкті әйелдерге біржолғы материалдық көмек көрсету үшін тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, мекенжайы, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, жеке куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

17) 30-тармақшада көрсетілген санат үшін – Павлодар қаласына және тұрғылықты орнына қайта бару жолақы шығындарын төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің көшірмесін, гемодиализ курсы алғаны туралы парағын, автомобиль көлігінде Павлодарға және қайта тұрғылықты орнына қолданылған жол жүру билеттерін.

Сол жылдың ішінде қайта өтінген жағдайда - өтініш, гемодиализ курсы алғаны туралы парағының көшірмесін, автомобиль немесе теміржол көліктерінде белгіленген мекенге және тұрғылықты орнына қайтуда қолданылған жол жүру

б и л е т т е р і н ;

18) 8-тармақшада көрсетілген санат үшін – қатты отын алуға шығынның бөлігін қайтаруға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – "Ақсу қаласының білім бөлімі", "Ақсу қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемелерінің, "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (келісім бойынша) тізімдеріне сәйкес "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

19) 10-тармақшада көрсетілген санат үшін – Мүгедектер күніне біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" РМҚК Павлодар облыстық филиалының Ақсу аудандық бөлімшесімен (келісім бойынша) ұсынылған, алатын мемлекеттік арнайы жәрдемақының түрі, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген тізімді;

мүгедектерге сауықтырудың жеке бағдарламасына сәйкес гигиеналық құралдар алуға, жүріп-тұруда қиындық көретін мүгедектер: арбамен жүретін және тірек қозғалыс аппараттарының кемістігімен бірінші топтағы мүгедектерге көлік қызметін көрсетуді ұйымдастыруға әлеуметтік көмек;

20) 11-тармақшада көрсетілген санат үшін - "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен марапатталған немесе "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен марапатталғаны туралы мұрағаттың анықтамасы бар азаматтарға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

21) 15-тармақшада көрсетілген санат үшін - жалпы білім беру бағдарламасы бойынша 18 (он сегіз) жасқа толмаған мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына компьютерлік техника алуға біржолғы материалдық көмек көрсету үшін мына құжаттарды қоса берген өтініші негізінде беріледі: "Ақсу қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) қорытындысын, дәрігерлік-кеңес комиссиясының хаттамасынан үзіндінің және медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмелерін;

22) 2, 4, 6, 12, 18, 27 және 29-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін жергілікті деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру үшін мемлекеттік тапсырысы бар облыстық және қалалық газеттерге жазылуға біржолғы материалдық көмек – әлеуметтік мәртебесі, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі

көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН,
Ә Ж К к ө ш і р м е л е р і н ;

23) 19-тармақшада көрсетілген санат үшін - балалар кеңесі мен учаскелік педиатрия учаскелері меңгерушілерінің қолымен расталған, учаскелік дәрігердің рецепті бойынша балаларға арналған сүт қоспасын қосымша алуға мұқтаж аз қамтамасыз етілген отбасыларына әлеуметтік көмек – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН,
Ә Ж К к ө ш і р м е л е р і н ;

24) 20-тармақшада көрсетілген санат үшін - оғаш отбасыларының бала табу жастағы әйелдеріне контрацептивтер алуға, әйелдер консультациясының меңгерушісімен және учаскелік гинеколог-дәрігермен куәландырылған, құрамында дәрігерлік-кеңес комиссиясының төрағасы бар дәрігерлік-кеңес комиссиясы берген анықтама негізінде әлеуметтік көмек - "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН,
Ә Ж К к ө ш і р м е л е р і н ;

25) 13-тармақшада көрсетілген санат үшін - "Ақсу қаласының құрметті азаматы" атағын алған тұлғаларға коммуналдық қызметтерді төлегені туралы түбіртектер бойынша коммуналдық қызметтерге төлем шығындарын өтеуге әлеуметтік көмек – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмелерін;

26) 6-тармақшада көрсетілген санат үшін - жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға біржолғы әлеуметтік көмек, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек сұраған адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссиясының шешімі бойынша тағайындалады – "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, С Т Т Н , Ә Ж К к ө ш і р м е л е р і н ;

27) 1-4, 6, 10, 18, 24, 28 және 29-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға суды есептейтін жеке аспаптарды орнатуға біржолғы материалдық көмек - "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, С Т Т Н , Ә Ж К к ө ш і р м е л е р і н ;

28) 1 және 13-тармақшада көрсетілген санат үшін - "Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы" қоғамдық бірлестігінің Ақсу қалалық филиалы (келісім бойынша) ұсынған тізімге сәйкес Астана қаласына экскурсияға қатысу үшін

өңірді дамытуға үлес қосқан соғыс және еңбек ардагерлері, Құрметті азаматтар, еңбегі сіңген тұлғалар жолдама құны бойынша;

29) 24-тармақшада көрсетілген санат үшін – қайтыс болған кезде Бөлімде есепте тұрған жұмыссыздарды жерлеуге материалдық көмек төлеу үшін – жерлеуді жүзеге асыратын тұлға "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмесін;

30) 26-тармақшада көрсетілген санат үшін спутниктік теледидарды клиенттік қабылдауды орнатуды төлеу үшін - "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтінішті, азаматтарды тіркеу кітабы мен жеке куәлігінің, СТТН, ӘЖК көшірмесін;

31) 16-тармақшада көрсетілген санат үшін Халықаралық әйелдер күніне біржолғы материалдық көмек төлеу үшін - тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" РМҚК Павлодар облыстық филиалының Ақсу аудандық бөлімшесімен (келісім бойынша) ұсынылған, алатын мемлекеттік арнайы жәрдемақының түрі, "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген тізімді, жеке куәлігінің, әлеуметтік мәртебесін растайтын куәліктің, ӘЖК пен СТТН көшірмелерін;

32) 25-тармақшада көрсетілген санат үшін - біржолғы материалдық көмек төлеу үшін "Қазпошта" АҚ пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініш, жеке куәлігінің, азаматтарды тіркеу кітабының, әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттың, СТТН мен ӘЖК көшірмелерін беру қажет.

4. "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының 2-тармағында көрсетілген азаматтар санаттарына мына түрлер бойынша әлеуметтік төлем тағайындасын және қызмет көрсетсін:

1) 1-тармақшада көрсетілген санат үшін – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек, 5000 (бес мың) теңге сомасына мерекелік азық-түлік жиынтығы (Ұлы Отан соғысының қатысушысы немесе мүгедегі сол жылдың 1 сәуірі мен 9 мамыры аралығындағы кезеңде қайтыс болған жағдайда мерекелік жиынтық отбасына тапсырылады) дәрі-дәрмек сатып алуға бір айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) бойынша ай сайынғы төлем; жеке үйлерде тұратындарға коммуналдық қызметтерге шығынды өтеуге бес АЕК бойынша біржолғы төлем; пәтерді ағымдағы жөндеуге 15000 (он бес мың) теңге, телефон орнатуға, тістерді протездеуге нақты құнымен өтініштер бойынша, бірақ 15 000 (он бес мың) теңгеден артық емес, біржолғы материалдық көмек;

2) 1, 2 және 3-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін – өтініш бойынша жылына бір рет Алматы және Астана қалаларындағы госпитальдарға бару және тұратын жеріне кері қайту үшін жолақы шығындарын төлеу;

3) 2 және 3-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін – Отан қорғаушылар күніне 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

4) 2 және 3-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін – сауықтыруға екі АЕК мөлшерінде тоқсан сайынғы материалдық көмек;

5) 9-тармақшада көрсетілген санат үшін - Комиссияның шешімі бойынша 15 (он бес) АЕК аспайтын мөлшерде біржолғы материалдық көмек;

6) 4-тармақшада көрсетілген санат үшін - қатты отын алу үшін бес АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

7) 24-тармақшада көрсетілген санат үшін - кәсіби оқудан өту кезеңінде 7000 (жеті мың) теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек;

8) 7-тармақшада көрсетілген санат үшін - 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

9) 22-тармақшада көрсетілген санат үшін - жоғары оқу орындарында оқығаны үшін тиісті оқу орындарындағы оқудың нақты құнының мөлшерінде төлем, оқу кезеңінде тұруына, тамағына және тұрғылықты жеріне бару жолақысына 7000 (жеті мың) теңге мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік төлем;

10) 14-тармақшада көрсетілген санат үшін – жоғары медициналық оқу орындарындағы 7-курс студенттеріне (интерндер) оқуларына төлеу үшін тиісті оқу орындарындағы оқудың нақты құнының мөлшерінде төлем;

11) 5-тармақшада көрсетілген санат үшін – медициналық жоғары оқу орындарының түлектеріне 200 (екі жүз) АЕК мөлшерінде және педагогикалық оқу орындарының түлектеріне 70 (жетпіс) АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

12) 23-тармақшада көрсетілген санат үшін – қалада тұратындарға 10000 (он мың) теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек, "Ақсу туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесінде (келісім бойынша) міндетті медициналық тексеруден өтуге байланысты ауылдық өңірде тұратындарға және амбулаториялық емделуде тұрғандарға тамақтануға және жол жүруге – ай сайын төрт АЕК мөлшерінде емделудің барлық кезеңіне, қалада тұратын азаматтарды біржолғы тамақпен қамтамасыз ету;

13) 21 және 31-тармақшаларда көрсетілген санат үшін – 10000 (он мың) теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

14) 15-тармақшада көрсетілген санаттар үшін - жалпы білім беру бағдарламасы бойынша 18 (он сегіз) жасқа толмаған, мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына компьютерлік техника алуға 100000 (жүз мың) теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

- 15) 12-тармақшада көрсетілген санат үшін - Мүгедектер күніне бір АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;
- 16) 17-тармақшада көрсетілген санат үшін – бес АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;
- 17) 30-тармақшада көрсетілген санат үшін – Павлодар қаласына және тұрғылықты орнына қайта бару жолақы шығындарын нақты құны бойынша шығыстарды төлеу;
- 18) 8-тармақшада көрсетілген санат үшін - "Ақсу қаласының білім бөлімі", "Ақсу қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемелерінің, "Ақсу орталық ауруханасы" ҚМКК тізімдеріне сәйкес қатты отын алуға шығынның бөлігін қайтаруға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін - 10000 (он мың) теңге мөлшерінде;
- 19) 10-тармақшада көрсетілген санат үшін – Мүгедектер күніне бір АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек төлеу үшін;
- 20) 11-тармақшада көрсетілген санат үшін - "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталған немесе "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталғаны туралы мұрағаттың анықтамасы барларға бес АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек төлеу үшін;
- 21) 2, 4, 6, 12, 13 18, 27 және 29-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін - мемлекеттік ақпараттық саясатты жергілікті деңгейде іске асыру үшін мемлекеттік тапсырысы бар облыстық және қалалық газеттерге жазылуға үш АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;
- 22) 19-тармақшада көрсетілген санат үшін - балалар кеңесі мен педиатрия учаскесі меңгерушілерінің қолымен расталған учаскелік дәрігердің рецепті бойынша балаларға арналған сүт қоспасын қосымша алуға мұқтаж аз қамтамасыз етілген отбасыларына 5 (бес) АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек;
- 23) 20-тармақшада көрсетілген санат үшін - оғаш отбасыларының бала табу жастағы әйелдеріне контрацептивтер алуға 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек;
- 24) 13-тармақшада көрсетілген санат үшін - "Ақсу қаласының құрметті азаматы" атағын алған тұлғаларға түбіртектер бойынша коммуналдық қызметтерге төлем бойынша шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек;
- 25) 6-тармақшада көрсетілген санат үшін - жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға 150 000 (жүз елу мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік біржолғы көмек;
- 26) 1-4, 6, 10, 18, 24, 28 және 29-тармақшаларда көрсетілген санаттар үшін - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға суды есептейтін жеке аспаптарды орнатуға суды есептейтін аспаптың нақты құны мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;
- 27) 1 және 13-тармақшаларда көрсетілген санат үшін - Астана қаласына

экскурсияға қатысу үшін өңірді дамытуға үлес қосқан, соғыс және еңбек ардагерлері, Құрметті азаматтар, еңбегі сіңген тұлғаларға жолдама құны бойынша әлеуметтік көмек;

28) 24-тармақшада көрсетілген санат үшін – қайтыс болған кезде Бөлімде есепте тұрған жұмыссыздарды жерлеуге Ақсу қаласы әділет басқармасының азаматтық хал актілері жазбасы бөлімі (келісім бойынша) анықтамасының, қайтыс болғанның қайтыс болғаны туралы куәліктің негізінде 15000 (он бес мың) теңге мөлшерінде материалдық көмек;

29) 26-тармақшада көрсетілген санат үшін – спутниктік теледидарды клиенттік қабылдау жабдықтарының нақты құны бойынша – спутникті теледидардың клиенттік қабылдау жабдықтарын орнату төлеміне;

30) 16-тармақшада көрсетілген санат үшін – Халықаралық әйелдер күніне бір АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

31) 25-тармақшада көрсетілген санат үшін - Балаларды қорғау күніне бір АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек.

5. Әлеуметтік төлемдерді қаржыландыру тиісті жылға арналған қалалық бюджет шеңберінде жүзеге асырылады.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқық қатынастарына тарайды.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е. Рахымжановқа жүктелсін.

Қала әкімі

О. Қайыргелдинов

КЕЛІСІЛДІ:

Ақсу қалалық мәслихатының хатшысы

М. Омарғалиев

29 сәуір 2011 жылғы

"Қазақстан Республикасы
Ардагерлер ұйымы" қоғамдық
бірлестігі Ақсу қалалық

филиалының төрағасы

З. Арынов

29 сәуір 2011 жылғы

"Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің зейнетақы төлеу
жөніндегі мемлекеттік орталығы"
Республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының Павлодар облыстық

филиалы Ақсу қалалық
бөлімшесінің бастығы К. Женаева
29 сәуір 2011 жылғы

"Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар министрлігі Павлодар
облысы Төтенше жағдайлар
департаментінің Ақсу қаласының
төтенше жағдайлар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы М. Романевич
29 сәуір 2011 жылғы

Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы денсаулық сақтау
басқармасының "Ақсу қаласының
емханасы" коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының
бас дәрігері Қ. Қабылов
29 сәуір 2011 жылғы

Ақсу қаласының әділет
басқармасының бастығы А. Қайырбаева
29 сәуір 2011 жылғы

"Ақсу қаласының
психологиялық-медициналық-педагогикалық
кеңес беру" мемлекеттік
мекемесінің бастығы С. Қайырбаева
29 сәуір 2011 жылғы

Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы денсаулық
сақтау басқармасының "Ақсу
орталық ауруханасы" коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
бас дәрігері З. Смағұлов
29 сәуір 2011 жылғы

"Ақсу туберкулезге қарсы
ауруханасы" мемлекеттік
мекемесінің бас дәрігері Р. Смағұлова
29 сәуір 2011 жылғы

Ақсу қаласы әкімдігінің 2011 жылғы
03 мамырдағы N 275/3 қаулысына
қосымша

**Ақсу қаласы және оның ауыл өңірі азаматтарының
жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау
жөніндегі комиссияның құрамы**

Рахымжанов Ержан Мәлсұлы	- Ақсу қаласы әкімінің орынбасары, төраға;
Бобчихина Елена Валентиновна	- "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, төрағаның орынбасары;
Бейсенбаева Толқын Саттарқызы	- "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ардагерлермен және мүгедектермен жұмыс жөніндегі сектордың меңгерушісі, хатшы;
Арынов Зәлмұқан	- "Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы" қоғамдық бірлестігі Ақсу қалалық филиалының төрағасы (келісім бойынша);
Женаева Күлжан Сұлтанқызы	- "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облыстық филиалы Ақсу қалалық бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша).
Гайдаренко Марина Анатольевна	"Ақсу қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
Мартынова Людмила Александровна	Ақсу қалалық мәслихатының депутаты (келісім бойынша)